

Табиғат - тәрбие тағлымы

Мақсаты

Қоршаған ортаны,
табиғатты аялай
білуге үйрету

Оқушылардың
қоршаған орта жайлы
әрекеттерін шыңдау


Табиғаттағы
сұлулықты
көре білуге үйрету





Қандай
сұлусың
табиғатым...











Қазақстан қорықтары

Табиғат байлықтарын бастапқы қалпына келтіру мен оны келешек үшін сақтап қалу, табиғат өзгерістеріне бақылау жасау мақсатымен қорықтар ашылған.





Үстірт қорығы

Қорық Маңғыстау өңіріндегі Үстірттің шөлді табиғатын қорғау мақсатында құрылған. Үстірт қорығы көлемі жағынан үлкен шөлді аймақты қамтиды. Бұл жерде Үстірт арқарлары, қарақұйрықтар және сирек кездесетін аңнан каракалдар, ал құстардан жорға дуадақ, ителгі және т.б. кездеседі. Осы Үстірт қорығын мекендейтін жануарлар мен құстардың барлығы қорғауға алынған.



Батыс Алтай қорығы

Батыс Алтай қорығы Шығыс Қазақстан облысының солтүстігіндегі, Ұлы Алтай тауының батыс бөлігі аймақтарының табиғатын қорғау мақсатында құрылған. Қорықтың қысы суық, жазы ылғалды. Мұнда осы жердің табиғатына бейімделген Алтай ұлары, таутеке, борсық, барыс, сілеусін және т.б. қорғауға алынған жануарлар мен құстар мекендейді.



Қорғалжын қорығы

1958 ж. Ақмола облысының бірнеше көлді (Қорғалжын, Теңіз) алқабының табиғат байлығын қорғау, құстарға қамқорлық жасау, қоқиқаз, аққулардың санын көбейту мақсатымен ашылды. Басты байлығы — су құстары. Қорық арқылы Пәкістанда, Үндістанда, Солтүстік Африкада және Каспий теңізінде қыстаған құстардың солтүстікке қарай ұшу жолы өтеді. Көктем, жаз айларында құстарға толы көлдері бар бұл қорықты "Құс базары" деп атайды. Қамыс арасын шағала, қасқалдақ, сұқсыр үйрек, қоңыр қаздар мекендейді. Дүпілдек, қарадегелек, аққұтан, қалбағайларды, шөлді дала аймағында дуадақ, безгелдек, ақбас тырналарды, тоғай ішінде жыртқыш құс — саз құладыны көруге болады. Қорғалжында түлкі, қарсақ, суыр, т.б. жануарлар да бар.



Марқакөл қорығы

Оңтүстік Алтай алқабы мен Марқакөл табиғатын қорғау үшін құрылған. Негізгі мақсаты — ормандарды, өзендер мен сұлу көлдерді табиғи қалпында сақтап қалып, онда өмір сүретін терісі бағалы жануарларды, құстарды, өсімдіктерді молайту. Табиғаты көз тартарлық бай көлдері балықтардың уылдырық шашып, дамып, көбеюіне қолайлы. Марқакөлде қоңыр аю, кәмшат, қарадегелек, шырша мен балқарағай өскен ормандарында меңіреу құр, тиін, Алтай тауларында Алтай ұлары, тұщы су көлдерінде аққулар мекендейді. Олардың көбісі Қазақстанның «Қызыл кітабына» кірген.



Барсакелмес қорығы

Қорық Арал теңізінің Барсакелмес аралында 1939 ж. құрылды. Бұл арал сазды, тақырлы, құмды болғандықтан өсімдіктері де шөл далалық. Негізгі өсімдігі — сексеуіл. Қорықта қарақұйрық, ақбөкен мекендейді. Көктем, жаз айларында құстардың саны мен түрлері көбейеді. Жылқышы, шағала, қаз, кішкене бозторғайларды көруге болады. Су жағасында жасыл құрбақалар көп. Далалы аймағында жұмыр бас кесіртке мен кекконды ысылдағыш кесірткелері бар. Жабайы аңдары, құстары үшін қысы қолайлы.

Қорық мақсаты — өзіне тән табиғат байлығын қорғап, қорын молайту.

Арал теңізінің тартылуы, өсімдіктердің азаюы, тұздылығының артуы қорықты мекендейтін ақбөкен, қарақұйрық, құландар үшін өте қауіпті.



Наурызым Қорығы

Қорық 1934 жылы қарағайлы орман мен Қостанай облысының Наурызым ауданындағы далалы аймақтың шағын көлдерін (Наурызым, Торғай) сақтап қалу мақсатымен құрылған. Бұл жерді табиғи мұражай десе де болады. Наурызым — ителгі, қызыл жемсаулы қаз, дуадақ, аққұр секілді құстардың, борсық, қызыл түлкі, қарсақ, сібір елігі, күзен, зорман, суыр, ақкіс, аққалақ сияқты терісі, еті бағалы және сирек кездесетін жануарлардың мекені. Қорық міндеті — осы өсімдіктер мен жануарларды қорғап, тіршілік ерекшеліктерін бақылау.



Алатауы Қорығы

1931 ж. Іле Алатауының орталық бөлігіндегі биік таулы алқаптардың табиғат байлығын қорғау үшін құрылды. Қорықты тамашалауға барғандар тастан-тасқа секірген арқарды, елік пен "алтын мүйізді" маралды көре алады. Сонымен қатар үкі, жапалақ, құмай, қаршыға, жағалтай төрізді жыртқыш құстары бар. Биік таулы аймағында ұлар, далалы алқабында қырғауыл, кекілік, ал, ормандарында құр мен тоқылдақ және шөлді аймағында жылқышы, бұлдыр мекендейді. Алатау етегінде аңдардан барыс, сілеусін, ақкіс, тау суырлары көп кездеседі. Олардың ішіндегі ең ірісі — қоңыр аю. Шөлді аймағын "Әнші тау" төңірегі қамтиды. Бұл жерде сексеуіл, соран, бұйырғын, жусандар өседі. Көне дәуірден жеткен қылқан жапырақты шыршалар Алатауға сән береді.





Ақсу-Жабағылы


Ақсу-Жабағылы — Қазақстан жерінде 1926 жылы ең алғаш ашылған қорық. Ол Батыс Тянь-Шань тау жоталары, Талас Алатауы мен Өгей тауларының табиғатын қорғау мақсатымен ұйымдастырылды. Мұнда ең ірі Ақсу өзені, одан екі еседей кіші Жабағылы өзендері ағады. Бұл қорық — сан алуан өсімдіктер мен түрлі жануарлардың өсіп дамуына қолайлы мекен. Қорықта құстардан дала бүркіті мен қарақұсты, кекілік, шіл, бөденелерді кездестірсек, биік таулы аймақтарды мекендейтін сақалтай, қозықұмай, жыланжегіш, лашынды атауға болады. Құс қайту, келу кездерінде бұл жердегі құстар саны көбейеді. Ал көкқұс пен ұлар, жануарлардан барыс, сілеусін, қоңыр аю, арқар, көксуыр Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Сонымен қатар елік, таутекелер, жабайы шошқа, ақкіс, т.б. жануарлары да бақылауға алынып, қорғалады.

Дүниеде екі ана бар.

Табиғат ана

Адамның анасы

Адам - табиғат перзенті



Табиғаттың тарылтпайық мөлдір кәусар тынысын,
Пәк табиғат - жүрегімнің тамылжыған жырысың.
Ей, адамдар! Қалай ғана қатігездік жасайсың?
Ол Анаң ғой, ал сен кенже ұлысың!

Өзекті мәселе




*Бірақ біз солай
етіп жүрміз бе?*



*Ол қасиетті табиғатты
жаралаған кім?*





1949 жылы 29 тамызда жарылған,
қуаты 20 килотонналық алғашқы РДС-1 атом бомбасы.
Кеңестік әскери мұрағаттан алынған сурет.



Жарылыс қуаты: 3,5 мегатонна. Сынақ мерзімі – 02.07.1956 ж.




Ядролық жарылыстан кейін:
“Атом көлі” немесе “Өлі көл”.



Дегелең: штольнялар тілгілеген тау.



Балалар – Семей полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары.



Балалар – Семей полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары.



Бізге мұндай өмір керек емес



Біз Қазақстан халқы, ядролық бұғаудан құтылып, Еркіндік алдық. Бұған тәуелсіздік ала отырып, тек Бейбіт жолмен жеттік. Біз ХХ ғасырдың аяғында уақыттан Оза, ерікті түрде ядролық қарудан бас тартып, ХХІ ғасырдың Қандай болу керектігін көрсеттік.

Н.Ә.Назарбаев



Қара жерге не ексең - соны аласың,

Табиғаттан алсаң - қарыз боласың

Жер, кешір мені!

Есімде, басыңды и!-деп есіргенім

Жер, кешір мені!

Таныма тажалым деп

Төсімде тарқамаған, базарым боп

Тұл өсіріп, каналдар газамын деп

Бүлдірем де қайтадан зуреленем

Қайтсем сенің жараңды жазам деп...

